



ТҮРДӘТ- ҚАЗАЛЫ

№17
(2396)
Сенбі
28 ақпан
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫ АЯСЫНДА МӘЖІЛІС ӨТІП, ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ШАРАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әйтеке би кентіндегі «Руханият» орталығында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында атқарылған профилактикалық іс-шаралар қортындыланып, алдағы жұмыстарды жоспарлауға арналған арнайы мәжіліс өтті.

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында өткен жиынға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген Қызылорда облысы прокурорының бірінші орынбасары Исламбек Төлегенов, аудан прокуроры Мадияр Бекпанов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатов және тиісті сала басшылары мен аудан бойынша пробацация есебінде тұрған азаматтар қатысты.

Кездесуде аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен Тәртіп» қағидаты аясында қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу, осы бағыттағы Пре-



зидент тапсырмасын жүзеге асыруда аудан көлемінде кешенді жұмыстар жүргізіліп жатқандығын баяндады. Сондай-ақ, еліміз үшін тарихи маңызы зор кезеңде өткізілетін конституциялық реформалар, жаңа Ата Заң жобасының мазмұны және қоғамның құқықтық мәдениетін арттыру мәселелеріне байланысты кеңінен сөз қозғап, жаңа Заң жобасында адам құқықтарын қорғау, әділеттілік пен қоғамдық келісімді нығайту

– басты басымдықтардың бірі екенін ерекше атап өтті.

Жиында облыс прокурорының бірінші орынбасары Исламбек Тынарбайұлы профилактикалық жұмыстардың маңызы жайлы әңгімелеп, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жүйелі шаралар туралы сөз қозғады. Әсіресе, алаяқтық, құмар ойындарға тәуелділік (лудомания), интернет арқылы жасалатын құқық бұзушылықтардың ал-

дын алуда бірлескен жұмыс пен азаматтардың белсенділігі қажет екенін атап өтті.

Мәжіліс қортындысында жауапты сала басшыларына құқық бұзушылықтың алдын алу, халықпен кері байланысты күшейту, сондай-ақ, «Заң мен тәртіп» қағидатын жергілікті деңгейде тиімді жүзеге асыру бағытында нақты міндеттер жүктелді.

Жиын соңында аудан басшысы Алмасбек Есмаханов Әділетті Қазақстанды құру жолында Президент тапсырмасына сәйкес «Заң мен тәртіп» қағидатын прокуратура органдары нәтижелі жүзеге асырып келе жатқанын атап өтіп, бұл қағидаттың құқықтық мемлекеттің берік іргетасы, әрі азаматтардың қоғамдық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі алғышарты екенін айтты.

Сонымен қатар, осындай маңызды жұмыстарды іске асыру мақсатында ауданға арнайы келіп, мазмұнды кездесу өткізгені үшін облыс прокурорының бірінші орынбасарына аудан жұртшылығының атынан алғысын білдірді.

«АТАМҰРА» ХАЛЫҚТЫҚ АРДАГЕРЛЕР АНСАМБЛІНІҢ КОНЦЕРТТІК КЕШІ

Әйтеке би кенттік Мәдениет үйінде «Атамұра» халықтық ардагерлер ансамблінің «Өнегелі өмір – өрнекті өнер» атты концерттік кеші өтті.

Тағылымды шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов арнайы қатысып, ардагер өнерпаздарға құрмет білдіріп, құттықтау сөз сөйледі.

–Қазалы өңірі қашанда өнер мен руханиятты қадірлеген, ұлттық мәдениетті ұлықтаған киелі өлке. Осынау өнер қонған киелі өңірдегі «Атамұра» халықтық ардагерлер ансамблінің шығармашылық жолы – ұрпақтар сабақтастығының жарқын үлгісі. Ансамбль ұжымының аудан мәдениетінің дамуына қосып отырған үлесі зор, ел руханиятын байыту жолындағы еңбектері мол. Бүгінде ұлттық өнерді насихаттап, өңір мәдениетінің мерейін асырып келе жатқан ұжымға аудан жұртшылығының және өз атымнан шынайы ризашылығымды білдіремін. Ұлттық өнерге сіңірген еңбектеріңіз – ел тарихының, өңір мәдениетінің ажырамас бөлігі. Сіздердің өнегелі өмірлеріңіз бен

өрнекті өнерлеріңіз – Қазалының рухани шежіресі. Алдағы уақытта да шығармашылық табыстарыңыз толастамай, сахнадан нұрлы жүздеріңіз көрініп, елге рух, жастарға шабыт сыйлай берсін, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Кеште аудан басшысы ансамбль мүшесі, Қазалы өңіріндегі халық оркестрін қайта жаңғыртуға үлкен үлес қосқан Ерпазыл Жүсіповті 75 жас мерейтойымен құттықтады. Өнер жолында ұзақ жылдар бойы табанды еңбек етіп келе жатқан ардагерге ізгі тілегін білдіріп, шығармашылық табыс пен ұзақ ғұмыр тіледі.

Концертте ансамбль мүшелерінің орындауындағы халық әндері мен күйлері, елдік пен бірлікті дәріптейтін мазмұнды шығармалар көрерменнің зор ықыласына бөленіп, кеш шынайы рухани мерекеге ұласты.

«Атамұра» ансамблінің қалыптасу тарихы – аудан мәдениетінің даму жолымен тығыз сабақтас. Бұл ұжымның бастауы 2011 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің



20 жылдығына орай құрылған «Күй самалы» ансамблінен бастау алды. Сол кезеңнен бастап бұл шығармашылық ұжым аудан өміріндегі маңызды мәдени шаралардың бел ортасында жүріп, түрлі мерекелік кештерде, тағылымды кездесулерде, айтулы даталарға арналған концерттерде өнер көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ансамбльдің негізін қалаушы, шығармашылық ұжымға жетекшілік етіп келе жатқан өнер қайраткері Орақ

Баубеков.

2014 жылы аудан әкімдігі мен аудандық ардагерлер кеңесінің қолдауымен ансамбль құрамы қайта жасақталып, зейнеткерлікке шыққан, бірақ өнерден қол үзбеген дарынды азаматтармен толықты. Осы кезеңнен бастап ұжым «Атамұра» ардагерлер аспаптық-әншілер ансамблі деген атаумен жаңа тыныс алып, шығармашылықтың жаңа белесіне көтерілді.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі таңда сот жүйесін жаңғырту бағытында дауларды баламалы жолмен шешу тетіктерін дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Соның ішінде татуластыру рәсімдері – қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттырып, азаматтар арасындағы дауларды өзара келісім арқылы шешуге мүмкіндік беретін тиімді құралдардың бірі.

Татуластыру рәсімдері – тараптардың өзара келісімі негізінде дауды сот шешімінсіз немесе соттың жәрдемімен бейбіт жолмен реттеу тәсілі. Қазақстанда мұндай рәсімдер азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істердің жеке-леген санаттары бойынша қолданылады.

Бұл бағыттағы негізгі құқықтық негіздер Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты бастамасымен жетілдіріліп, медиация институтын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі медиация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруда.

Татуластыру рәсімдерінің кең тараған түрі – медиация. Медиация барысында бейтарап медиатор тараптарға ортақ



шешімге келуге көмектеседі. Бұл рәсім сот процесіне қарағанда:

- Уақытты үнемдейді.
- Қаржылық шығынды азайтады.

Қ а р ы м - қ а т ы н а с т ы сақтауға мүмкіндік береді

- Дауды құпия түрде шешуге жағдай жасайды

Әсіресе отбасы, еңбек, көршілестік және азаматтық-құқықтық дауларда медиацияның тиімділігі жоғары.

Бүгінде соттарда «Татуластыру кабинеттері» жұмыс істейді. Судьялар істі қарау барысында тараптарға дауды бітімгершілік келісім, медиация немесе партисипативтік рәсім тәртібімен аяқтау мүмкіндігін

түсіндіреді.

Тараптар келісімге келген жағдайда, сот бітімгершілік келісімді бекітеді. Мұндай келісімнің заңды күші сот шешімімен тең.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жеке-леген санаттары бойынша тараптардың татуласуына байланысты іс қысқартылуы мүмкін. Бұл жәбірленуші мен күдікті арасында келтірілген зиянды өтеу және кешірім негізінде жүзеге асырылады.

Мұндай тәжірибе:

- Сот жүктемесін азайтады
- Қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті төмендетеді

А з а м а т т а р д ы ң жауапкершілік деңгейін артты-

рады

Татуластыру рәсімдерінің тиімділігі мынадай көрсеткіштермен бағаланады:

- Соттағы істер санының азаюы.
- Даулардың қысқа мерзімде шешілуі.
- Тараптардың қанағаттану деңгейі.
- Қайталама даулардың төмендеуі.

Статистика көрсеткендей, дауды өзара келісім арқылы шешкен тараптар сот шешімімен аяқталған дауларға қарағанда нәтижеге көбірек қанағаттанады.

Татуластыру рәсімдері – құқық үстемдігін нығайтудың және қоғамдағы татулықты сақтаудың маңызды тетігі. Бұл институт сот жүйесінің ашықтығын арттырып қана қоймай, азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Дауды тек жеңіс пен жеңіліс ретінде емес, өзара түсіністік арқылы шешілетін мәселе ретінде қарастыру – құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам.

Жеңіскүл ҚОНЫСБАЕВА,
Қазалы аудандық соты
әкімшісінің бас маманы-сот
отырысының хатшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының Энергетика және ТКШ басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-ның «Қазалы-Теміржолжылу» филиалы қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алу үшін «Жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖБШ/НДВ)» жобасы және құжаттар пакеті бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 10 сәуір, сағат 15:00

Өтетін орны: Әйтеке би кенті, Ж.Аймауытов көшесі, 68 «А» «Кенттік Мәдениет үйі»

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, сондай-ақ, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасы арқылы онлайн режимде өткізіледі.

Zoom онлайн-конференциясына сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/7470557208?pwd=8FХkyb2VomULLmabubsAxaP1C9TеТС.1&omn=84408405479>

Идентификатор конференция: 747 055 7208

Код доступа: 2s2wXU
Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы:

Қызылорда облысының Энергетика және ТКШ басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы

«Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-ның «Қазалы-Теміржолжылу» филиалы.

Орналасқан мекенжайы: 120400, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Я. Михайлюк көшесі, 2 «Б». БСН 160 741 004 897

Тел.: +7 (777) 561 5275, e-mail: Gkpkazaly-tzh@mail.ru.

Әзірлеуші: «CSD Consulting» ЖШС.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050059, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 15 үй, 19в н.п.

БСН 230 940 030 85. Тел.: 8 701 530 41 76, e-mail: csd23.center@gmail.com

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау жөніндегі ұлттық деректер банкі» порталы <https://hearings.ndbecology.gov.kz> («Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі), Бірыңғай экологиялық портал <https://ecportal.kz>, сондай-ақ, «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Ф и л и а л
«Қазалы-Теміржолжылу» ГКП «Қызылорда тепло электр оцентр» на праве хозяйственного ведения управления энергетика и ЖКХ Кызылординской области проводит слушания в форме открытых собраний Проекта нормативов допустимых выбросов (НДВ) и пакета документов на получение разрешения на воздействие.

Общественные слушания состоятся в кент Айтеке би ул. Ж. Аймауытова № 68А «Кенттік мәдениет Үйі» дата 10.04.2026 год. время 15:00.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме через платформу Zoom.

Ссылка на онлайн-конференцию Zoom: <https://us05web.zoom.us/j/7470557208?pwd=8FХkyb2VomULLmabubsAxaP1C9TеТС.1&omn=84408405479>

Идентификатор конференции: 747 055 7208

Код доступа: 2s2wXU
Инициатор намечаемой деятельности: филиал

«Қазалы-Теміржолжылу» ГКП «Кызылорда теплоэлектр оцентр» на праве хозяйственно-

го ведения управления энергетика и ЖКХ Кызылординской области,

Юр. адрес: 120400, Республика Казахстан, Кызылординская область, Казалинский район, кент Айтеке би, ул. Я. Михайлюка, 2Б; БИН 160 741 004 897, телефон: +7 (777) 561 5275, e-mail: Gkpkazaly-tzh@mail.ru.

Разработчик: ТОО «CSD Consulting». Юридический адрес: РК, г. Алматы, 050059, Бостандыкский район, пр. Аль-Фараби, д. 15, н.п.19в. БИН: 230 940 030 85; телефон: 8 701 530 41 76, e-mail: csd23.center@gmail.com

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов» <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, раздел «Публичные слушания»; Едином экологическом портале ecportal.kz, а также на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области».

Департамент торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по Кызылординской области

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС-БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК!

Сыбайлас жемқорлық-кез келген мемлекеттің тұрақты дамуына, қоғамның әділдігіне және азаматтардың әл-ауқатына қауіп төндіретін күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол тек құқықтық мәселе ғана емес, моральдық, мәдени және экономикалық проблема ретінде де қарастырылуы тиіс. Сыбайлас жемқорлық қоғамның іргесін әлсіретіп, халықтың мемлекетке деген сенімін төмендетеді.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестек мемлекеттік органдардың міндеті емес, бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Әрбір адам заңдылықты сақтап, адалдық пен әділдікті өмірлік қағидасына айналдырған жағдайда ғана бұл індетке қарсы тұра аламыз.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, 2015 жылғы 18 қарашада қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңы осы саладағы негізгі құқықтық құжат болып табылады. Бұл заң мемлекеттік қызметшілердің адалдығын, әділдігін және қызметтік өкілеттіктерін заң аясында пайдалануды талап етеді.

Сонымен қатар, әрбір азамат заңсыз әрекеттерге куә болған жағдайда тиісті мемлекеттік органдарға хабарлауға міндетті. Бұл қоғам алдындағы азаматтық борыш. Азаматтардың белсенді ұстанымы мен немқұрайлылық танытпауы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда маңызды рөл атқарады. Заң арқылы реттеледі. Заң мемлекеттік қызметшілердің адалдығын, әділдігін және қызметтік өкілеттіктерін дұрыс пайдалануды талап етеді.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік деңгейдегі маңызды бағыттардың бірі болып саналады. Осы

мақсатта арнайы уәкілетті орган-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жұмыс істейді, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігі күшейтілді, этикалық нормалар қатаңдатылды. Мемлекеттік қызметке қабылдау, қызмет көрсету процестері барынша ашық болуға бағытталуда.

Ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында цифрландыру жүйесі енгізіліп, көптеген мемлекеттік қызметтер электронды форматқа көшірілді. Бұл өз кезегінде адами факторды азайтып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етуде.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес - ең өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті іштен ірітетін, жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіретін қауіпті құбылыс. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі - осы дертпен жүйелі түрде күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-баршамызға ортақ міндет. Мемлекет пен қоғам бірігіп әрекет еткенде ғана біз әділ, ашық және дамыған ел құра аламыз. Әрқайсымыз өзімізден бастап адалдықты ұстансақ, болашақ ұрпаққа таза, әділетті қоғам қалдыра аламыз.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

жүргізудің үлгілік қағидаларын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің және аудан әкімдігінің қаулыларын басшылыққа алып, орындау мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Ай сайын бөлім қызметкерлерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жайын талқылау, арыз шағымдарды қабылдау, тіркеу заңдылықтарының сақталуы, заңдылықтардың орындалу ба-рысы туралы мәселелер талқыланып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған тиісті жұмыстар атқарылуда.

Бөлім қызметкерлері қызметтерін орындауда сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіп, қызметкерлердің функционалдық міндеттерін атқару барысында «Мүдделер қақтығысын» болдырмау үшін түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі.

Мүгедектігі бар адамдарға жеке оңалту бағдарламасына сәйкес берілетін техникалық оңалту қызметтері 2020 жылға дейін бөлім арқылы көрсетіліп келсе, 2021 жылдан бастап барлық әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге жүгіну толық цифрландырылып, қазіргі таңда электронды үкімет порталы (ПРОАКТИВ, ПЭП, ИСЦОН, АИС «Е СОБЕС») арқылы жүзеге асырылады. Оның ішінде (мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу, мүгедектігі бар адамдарға техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу, естуі бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметімен мүгедектігі бар адамдарды қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің қызметтерімен қамтамасыз етуге) мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрлері бар.

Жоғарыда атқарылған

шаралардың барлығы қызмет беруші мен қызмет алушы арасындағы тікелей байланысты азайтуға бағытталған.

Сонымен қатар бөлімде өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы қамтамасыз етілген. Осыған сәйкес келген қызмет алушы көрсетілетін қызметтерді өзі таңдауға жағдайлар жасалған.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңына сәйкес мемлекеттік қызметшілер және бюджеттік сала қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығында бөлімнің 5 мемлекеттік қызметкері мен 10 әлеуметтік қызметкерлері 4 келісімшартпен жұмыс істейтін қызметкерлер өз білімін көтерді.

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңының нормаларын қатаң сақтау бойынша ай сайын мемлекеттік қызметкерлердің қатысуымен Қазақстан Республикасының «Әлеуметтік Кодексі», «Бәд-жет кодексі», «Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы» «Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №275 бұйрығы» талаптары бойынша «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылы 30 маусымдағы №523 қаулысы бойынша «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті туралы» қағидаларын және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» кодексін түсіндіру мақсатында тұрақты түрде құқықтық оқулар өткізіліп келеді.

**Совет КЕҢЕСҮЛІ,
«Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы**

ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН ПАКЕТІ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Аудан көлемінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын нығайту мақсатында акредиттелген зертхана-ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы аудандық бөлімшесі қызмет атқарып келеді. Біздің қызметіміздің басты міндеттерінің бірі - халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуде жұқпалы аурулармен күресу, сараптама жүргізу, зерттеу, сонымен қатар жұқпалы дерттердің алдын алу.

Ұлттық сараптама орталығы Қазалы аудандық

бөлімшесі аса қауіпті жұқпалы аурулар зеттеулері мен бактериологиялық, паразитологиялық зертханалар бойынша ГОБМП(ТМКК) арқылы тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде біздің саламызға қатысты зерттеулер қызметтерін атқарады. ГОБМП (ТМКК) дегеніміз не? ТМКК- тегін медициналық кепілдендірілген көмек. ГОБМП- бұл Қазақстан Республикасының әрбір азаматына тегін көрсетілетін (мемлекет есебінен қаржыландырылатын) төмендегі мынадай медициналық қызметтер жатады:

-Жедел және шұғыл медициналық көмек;

-Әлеуметтік маңызы бар және қауіпті инфекциялық аурулар кезіндегі амбулаториялық және стационарлық ем;

-Алдын алу, скрининг және профилактикалық тексерулер;

-Созылмалы ауруларды динамикалық бақылаулар жатады.

-жүкті әйелдердің профилактикалық тексерулері;

-18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің профилактикалық тексерулері;

Бұл қызметтерді алу үшін міндетті сақтандырудың болуы талап етілмейді

ГОБМП аясында Барлық қызметтер мемлекет тарапынан қаржыландырылады.

Тегін қызмет көрсетудің негізгі жолдарын түсіндерсек:

ҰСО (НЦЭ) қызметіне қалай жүгінуге болады (ГОБМП бойынша):

1.Жергілікті Емхана арқылы:

Дәрігер көрсеткіштерге байланысты зерттеуге жолдама береді.

Жолдама электронды жүйе (ЕИИСЗ) арқылы НЦЭ-ге түседі.

2. Дәрігер маманның жолдамасы бойынша: Егер қосымша зерттеу қажет болса, маман НЦЭ зертханасына бағыттама рәсімдейді.

Нәтижелерді алу жолдары:

Жергілікті емхана және емдеуші дәрігер арқылы.

Электронды жүйелерді (Damumed, ЕИИСЗ)



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЕЛ ДАМУЫНА ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН КҮРДЕЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫС

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дамуына кедергі келтіретін ең өзекті мәселелердің бірі. Ол мемлекеттік билік пен қызметтік өкілетті жеке мүдде үшін пайдаланылған жағдайда тундайды. Пара беру, пара алу, қызмет бабын асыра пайдалану, таныстық арқылы мәселе шешу – жемқорлықтың кең таралған көріністері.

Жемқорлықтың пайда болуына бірнеше фактор әсер етеді. Біріншіден, заңдардың әлсіз орындалуы мен бақылаудың

жеткіліксіздігі. Екіншіден, азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмендігі. Үшіншіден, қоғамда әділдік пен ашықтық қағидаларының толық қалыптаспауынан да жемқорлыққа жол беріледі. Сонымен қатар, материалдық жағдайдың төмендігі мен әлеуметтік теңсіздік те бұл құбылыстың кеңеюіне ықпал етеді. Ол әлеуметтік әділетсіздікке алып келіп, қарапайым халықтың құқықтарының бұзылуына

себеп болады. Жемқорлық жайлаған елде білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау салаларының сапасы төмендейді.

Жемқорлықпен күресу тек мемлекеттің емес, бүкіл қоғамның міндеті. Әр азамат заңды құрметтеп, әділдік қағидаларын ұстануы тиіс. Білім беру жүйесінде адалдық пен парасаттылық құндылықтарын насихаттау маңызды.

Сыбайлас жемқорлық – ел дамуына қауіп төндіретін

күрделі әлеуметтік құбылыс. Онымен тиімді күресу үшін заңнаманы жетілдірумен қатар, қоғамда адалдық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру қажет. Әрбір азамат өз үлесін қосқанда ғана әділ әрі дамыған қоғам құруға болады.

Г. МЫРЗАХАНОВА,
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫН БІРДЕЙЛЕНДІРУ

Бірдейлендіруді жүргізу тәртібі мен мерзімдері «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» Қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығымен реттеледі. Жануарларды есепке алу рәсімі жануарларға жеке нөмір беруді қамтиды, ол жануар иесі өтініші негізінде жүзеге асырылады. Бірдейлендіру нөмірін бергеннен кейін компьютерлік деректер базасына (АШЖБ-ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқор базасы) ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді енгізеді және ветеринариялық паспорт бере отырып, жануарға сырға салынады немесе таңба басылады. Бірдейлендіру қортындылары бойынша деректер бүкіл Қазақстан аумағындағы бірыңғай мемлекеттік компьютерлік дерекқорға (АШЖБ) енгізіледі. Ол мал басының есебін жүргізуді ұсынып қана

қоймай, сонымен қатар әр жануардың ветеринариялық манипуляциялардың тарихын сақтауға мүмкіндік береді. Деректер базасында ветеринариялық-профилактикалық іс шаралардың мәліметтері көрсетіледі, олардың негізінде ветеринариялық ілеспе құжаттар рәсімделеді. Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық ауыл шаруашылығы жануарлары бірдейлендіруге жатады. Егер жеке иелігіңізде бірдейлендірілмеген жануарлар болса мынадай ветеринариялық қызметтер көрсетілмейді:

- Ұрланған (табылған) жануардың кімге тиесілі екенін анықтау мүмкін емес (бірдейлендірілген жануарды табу және оны иесіне қайтару оңайырақ);
- Бірдейлендіру нөмірінсіз мал дәрігері тарапынан ветеринарлық анықтама рәсімделмейді.
Ауыл шаруашылығы

жануарларының төлдері келесі жасқа жеткен күннен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірілмей бірдейлендіру қажет:

- Бұзаулар, қозылар, лақтар, боталар туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

- Құлындар төрт айлық жасынан бастап (таңбалау кезінде), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеу кезінде);

- Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, кейіннен сою үшін тоғыз айлық жасқа жеткенге дейін бордақылауға арналған торайлар туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

- Тоғыз айлық жасқа дейін сойылмаған, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге және бордақылауға арналған торайлар тоғыз айлық

жасқа толған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

Аудан көлемінде ауыл шаруашылығы жануарларын ұстап отырған мал иелеріне ветеринар мамандар тарапынан ұсыныстар:

- Дер кезінде өз жануарларыңызды бірдейлендіруді қамтамасыз ету керек.

- Сатып алу, сату, сою, төлдеу, жануарлардың сырғаларын жоғалту кезінде үш күн ішінде «Қазалы аудандық ветеринариялық станциясы» КМК-ның ветеринар мамандарына хабарласуларыңызды сұраймыз. Бұл компьютерлік деректер базасында (АШЖБ) толық және сенімді есеп жүргізуге мүмкіндік береді.

Н. НАУРЫЗБАЕВ,
Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясының басшысы

ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТИҢ КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН ПАКЕТІ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Қағаз түрінде (сұрау бойынша).
Бөлімше бойынша төмендегі зерттеулер түріне қызметтер жасайды;
- сарып ауруына (бруцеллез)
- менингококкқа мұрын-жұтқыншақ шырышты; сынама-ларын тексеру;
- дисбактериозға нәжіс сынама;
- сальмонеллез, дизентерия сынама;
- жұтқыншақ және мұрыннан бөліндіні стафилококкқа тексе-

ру;
- дифтерияға мұрыннан және жұтқыншақтан бөліндіні тексеру;
- жұтқыншақтан, жаралардан, көзден, құлақтан, зәрден басқа да заттардан микрофлораны анықтау;
- биологиялық материалды кандидаға бактериологиялық зерттеу;
- стерильділікке қан сынама-ларын тексеру;
- паразитологиялық зерттеу-лер;

- антибиотиктерге сезімталдықты анықтау;
Аудандық Ұлттық сараптама орталығы зертханалары ГОСТ ISO/EIC 17025 -2019 стандартына сай аккредитациядан өткен санитариялық гигиеналық, бактериологиялық, паразитологиялық зерттеулер зертханалары II, III, IV патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге арнайы рұқсаты бар, жоғары дәрежелі мамандармен және заманауи жабдықтармен халықаралық

стандарттарға сай жұмыс істейтін мекеме. Біздің зерттеу қортындылары жоғары дәлділік пен жеделдікті қамтыған. Сапалы қызмет біздің міндетіміз, ал Сіздің сеніміңіз - Біздің басты құндылығымыз. Біз әрқашан Сіздерді күтеміз.

Азиза КОСЫМОВА,
«Ұлттық сараптама орталығы» Қазалы аудандық бөлімшесінің басшысы

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11507 дана.